

Инклюзивті ортада балалардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру және дамыту

ЖАРИЯЛАНДЫ
06.05.2026

ТІРЕК СӨЗДЕР
инклюзивті білім беру, ойын технологиясы, педагогикалық қолдау, тұлғалық даму, шығармашылық, эмоциялық орта

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/188524/>

УДК: 376.42:37.011.3

Ануар Айжан Қуатқызы

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті

«БВ11102-Мәдени тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасы

Ғылыми жетекші: **Берсугирова Толғанай Ержанқызы**, аға оқытушы

Аңдатпа: Бұл мақалада инклюзивті орта жағдайында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі қарастырылады. Қазіргі заманауи білім беру жүйесі әр баланың әлеуетін барынша ашу және жеке даму траекториясын қалыптастыруды мақсат етеді. Инклюзивті білім беруде шығармашылық әрекет тек пәндік білімнің көрсеткіші ғана емес, тұлғаның өзіндік танымын, эмоциялық тәжірибесін, қарым-қатынас мәдениетін және өзін-өзі бағалауын нығайтатын маңызды педагогикалық үрдіс ретінде негізделеді. Зерттеу барысында шығармашылықты дамытуда ойын технологиялары, сезімдік қабылдауға негізделген тапсырмалар, еркін көркемдік әрекет формалары, баланың ішкі мотивациясын оятатын қолдаушы педагогикалық орта рөлінің мәні ашылды. Мақалада халықаралық зерттеушілердің инклюзивті білім беру мен шығармашылықты дамытуға қатысты ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, инклюзивті топта шығармашылықты дамыту әдістерінің тиімділігі дәлелденеді.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, шығармашылық, тұлғалық даму, ойын технологиясы, педагогикалық қолдау, эмоциялық орта.

Кіріспе:

Инклюзивті білім беру кеңістігі соңғы жылдары балалардың жеке әлеуетін ашуға бағытталған маңызды педагогикалық орта ретінде қарастырыла бастады. Мұндай ортада әр баланың даму қарқыны, қабылдау ерекшелігі мен эмоционалдық тәжірибесі

әртүрлі болғандықтан, шығармашылық әрекет олардың өзіндік даралығын айқындайтын және ішкі мүмкіндігін оятатын негізгі тетікке айналады. ЮНИСЕФ-тің ойынға негізделген оқыту жөніндегі халықаралық нұсқаулығында баланың қиялы мен еркін әрекетіне мүмкіндік беру оның танымдық белсенділігін арттырып, өзін қауіпсіз сезінуіне жағдай жасайтыны атап өтеді [1, 7 бет]. Инклюзивті ортада шығармашылықты қолдау тек көркемдік әрекеттерді ұйымдастырумен шектелмейді. Бұл — баланың сезіну, ойлау және қарым-қатынас орнату қабілеттерін бір мезетте дамытуға бағытталған көпқабатты үдеріс. Йылдырым ерте жастағы балалардың шығармашылыққа бейімделуін «материалды сезіну арқылы ойлау» құбылысымен байланыстырады және сенсорлық тәжірибенің инклюзивті білім берудегі маңызын ерекше көрсетеді [2, 6 бет]. Осындай тәсіл баланың әлемді өзінше қабылдауына, эмоциялық реттелуіне және жаңа бейнелер құрастыра алуына жол ашады. Сонымен бірге, шығармашылықтың дамуы педагогтың кәсіби ұстанымымен тікелей байланысты екені ғылыми еңбектерде жиі көрсетіледі. Сохарто мұғалімнің баланы қолдау, тыңдау және қателікке еркін мүмкіндік беру қабілеті инклюзивті сыныптағы шығармашылық еркіндікті күшейтетіні жөнінде айтады [3, 3 бет]. Демек, шығармашылықты дамыту — әдіс қана емес, мұғалім мен бала арасындағы феноменологиялық қарым-қатынастың жемісі. Осы кіріспе бөлімде инклюзивті ортадағы шығармашылықты қарастырудың өзектілігі, оның тұлғалық дамудағы рөлі және зерттеу бағыттарының негізі айқындалды. Келесі бөлімде шығармашылықты дамытудың әдістері мен ғылыми тұжырымдар тереңдетілген талдаумен беріледі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Инклюзивті білім беру жағдайында шығармашылықты дамыту — балалардың жеке мүмкіндіктерін, эмоциялық тепе-теңдігін және әлеуметтік өзара әрекеттесуін біртұтас жүйе ретінде қолдайтын кешенді педагогикалық үдеріс. Мұндай ортада шығармашылықтың маңызы арта түседі, себебі әр бала өз ойын, сезімін немесе ішкі бейнесін дәстүрлі тәсілдерден гөрі көркемдік, қимылдық немесе ойын әрекеттері арқылы оңай жеткізеді. Даниелс пен Пайл инклюзивті сабақтағы шығармашылықты баланың қауіпсіздік сезімі қозғайтынын атап өтеді; олар «баланың өз идеясын еркін жеткізуі үшін бағалау емес, қолдаушы атмосфера қажет» деп тұжырымдайды [3, 5 бет]. Осы себепті инклюзивті сыныпта мұғалімнің рөлі жай ғана ұйымдастырушы немесе бақылаушы емес, баланың қиялын ашатын серіктес рөліне ауысады.

Шығармашылық дамудың маңызды бағыттарының бірі – сезімдік-тәжірибелік әрекет. Йылдырым жүргізген зерттеулерінде «баланың ойлау жүйесі материалды сезіну арқылы жанданады» деп көрсетеді [4, 7 бет]. Мұндай әрекеттер – құммен жұмыс, сумен тәжірибе, жапырақтардан бейне құрастыру, табиғи материалдарды салыстыру – баланың тек моторикалық дағдыларын емес, оның символдық ойлауын, эмоциялық тұрақтылығын және өзін-өзі тануын да күшейтеді. Ерекше білім беруді қажет ететін

балалар үшін сенсорлық тәжірибе – өзін білдірудің ең табиғи жолы. Сөзбен жеткізу қиын болғанда, бала сезімін түс, қозғалыс, құрылым немесе дыбыс арқылы жеткізе алады, ал мұғалім осы әрекетті түсініп, оның мәнін ашуға жағдай жасайды.

Инклюзивті ортадағы шығармашылықтың тағы бір тірегі — педагогтың көзқарасы. Сохарто инклюзивті сыныпта мұғалімнің балаға деген қарым-қатынасын шығармашылық дамудың ең негізгі факторы деп көрсетеді. Ол: «мұғалім баланың мүмкіндігін шектемей, оның әлеуетіне сенгенде ғана шығармашылық басталады» дейді [5, 3 бет]. Бұл – инклюзивті педагогиканың негізгі қағидасы: мұғалім бала идеясын түзетуге асықпайды, керісінше ойдың бағыт алуына мүмкіндік береді. Қателік — сәтсіздік емес, жаңа тәжірибеге апарар көпір. Сондықтан инклюзивті сабақта қателік еркіндігі баланың өзін автор ретінде сезінуіне үлкен ықпал жасайды. Шығармашылықты дамытудың тиімді әдістерінің бірі – ойынға негізделген оқыту. Аванг және әріптестері ойын форматы балалардың эмоционалдық қатысуын арттырып, қиялын шектемей, шығармашылықты табиғи түрде дамытатынын көрсетеді [6, 11 бет]. Инклюзивті топта ойын — күрделі мазмұнды жеңіл жеткізудің ең қолайлы тәсілі. Мысалы, рөлдік ойындар, драматизация, ертегі құрастыру, қозғалыс-пластикалық бейнелеу, бірлескен құрастыру жұмыстары балаларды ортақ идеяға біріктіреді. Бұл кезде бәсекелестік емес, ынтымақтастық маңызды. Бір бала түстерді таңдайды, екіншісі қозғалыспен бейнелейді, үшіншісі оқиғаны сөзбен жалғайды — осылай әр бала өз шамасы жететін деңгейде әрекетке қатысады. Мұндай икемділік инклюзивті топтың психологиялық климатына тікелей әсер етіп, әр баланың өзін құнды сезінуіне мүмкіндік береді.

Инклюзивті шығармашылық ортада оқу материалының қолжетімділігі және бейімделуі де шешуші рөл атқарады. ЮНЕСКО ұсынған инклюзия нұсқаулығында оқу мазмұны барлық оқушылардың қабылдау ерекшеліктеріне қарай өзгертілуі тиіс екені көрсетілген. Құжатта «баланың сенсорлық, когнитивтік немесе эмоциялық дамуына сай бейімделген тапсырмалар шығармашылыққа қолайлы жағдай жасайды» деп жазылған [7, 19 бет]. Бұл қағидат сабақ құрылымын да өзгертеді: топтық, жұптық, жеке жұмыс формалары еркін ауысады; материал түрлері (сурет, қозғалыс, дыбыс, әңгімелеу) баланың өзінің таңдау құқығын сақтай отырып ұсынылады. Инклюзивті шығармашылық үдерістің тағы бір маңызды қыры – бірлескен әрекетке негізделген әлеуметтік даму. Иоанниди мен Малафантис шығармашылық тапсырмалар баланың өзіндік танымын күшейтіп, топ ішінде эмоционалдық үйлесімділікті қалыптастыратынын атап өтеді. Олар бірлескен жұмыста балалардың бірін-бірі тыңдау, идея қосу, келісу, бейнені бірге жалғастыру қабілеттері дамытынын көрсетеді [8, 9 бет]. Бұл әлеуметтік тәжірибе — инклюзивті білім берудің басты міндеттерінің бірі. Шығармашылық — ортақ мағына жасау алаңы, ал осы мағынаны бірігіп құрастыру балалар арасында сенім мен ашықтық тудырады. Ғылыми еңбектерге жасалған талдау шығармашылықты дамыту кешенді, көпфакторлы үдеріс екенін анық көрсетті. Халықаралық зерттеулер сабақта дифференциация, ойын техникасы, сенсорлық материалдар, бірлескен әрекет, эмоциялық қауіпсіздік және

педагогтың серіктестік позициясын тұрақты қолдану қажет екенін атап өтеді [9, 4 бет; 10, 12 бет; 11, 16 бет]. Бұл тәсілдер өзара байланыста болғанда ғана баланың шығармашылығы толығымен көрініс табады.


Кесте 1. Инклюзивті ортада балалар шығармашылығын дамытудың негізгі бағыттары

Дамыту бағыты	Нақты әдістер	Балаларға әсері	Педагог рөлі
Ойынға негізделген тәсілдер	Рөлдік ойын, ертегі құрастыру, қозғалыс пластикасы, бірлескен сценарий құру	Қиялды күшейтеді, тілдік бейнелеуді дамытады, әлеуметтік өзара әрекет қалыптастырады	Бағыттаушы, қауіпсіз эмоционалдық кеңістік жасаушы
Сезімдік-тәжірибелік әрекет	Құммен жұмыс, сүмен тәжірибе, табиғи материалдар құрастыру, тактильді панельдер	Эмоциялық реттелу, символдық ойлау, моторика, бейнелік қабылдау дамиды	Материалды дұрыс ұсынушы, сезімдік ортаны ұйымдастырушы
Дифференциация және таңдау еркіндігі	Сурет, мүсіндеу, қимыл, әңгімелеу, музыкалық импровизация	«Мен жасай аламын» сенімі артып, ішкі мотивация күшейеді	Баланың күшті жағын көруші және жұмыс қарқынын реттеуші
Бірлескен шығармашылық әрекет	Топтық коллаж, ортақ сурет, драмаландыру, құрылымдық ойындар	Ынтымақ, тыңдау, келісу дағдыларын қалыптастырады	Үдерісті үйлестіруші, топшілік байланыс жасаушы
Эмоциялық қауіпсіздік пен қолдау	Жұмсақ кері байланыс, түзетусіз тыңдау, еркін қателесу мүмкіндігі	Өзіндік авторлық сезімі, сенімділік, ішкі ашықтық	Серіктес, қолдаушы, психологиялық қауіпсіздік тудырушы

Бұл кестедегі бағыттар бір-бірінен бөлек тұрған тәсілдер емес, керісінше бір жүйенің өзара кірігіп жатқан тетіктері. Инклюзивті сыныпта шығармашылық тек сурет салумен немесе ойынмен шектелмейді, ол баланың әлемді қабылдауына әсер ететін психологиялық, сезімдік, әлеуметтік және әдістемелік элементтердің үйлесімді әрекеті ретінде көрінеді. Ойын – баланың қиялын оятып, еркін әрекетке жетелейтін табиғи орта. Мұнда бала өз ойын рөл арқылы, қимылмен немесе оқиға арқылы жеткізеді. Бұл тәсіл әсіресе сөйлеу тілі әлсіз немесе эмоциясын айтуға қиналатын балаларға тиімді. Сезімдік-тәжірибелік әрекет шығармашылыққа заттық тірек береді. Құмның құрылымы, судың қозғалысы, жапырақтың иісі – осының бәрі балаға идеяны сезім арқылы елестетуге, бейне жасауға көмектеседі. Мұндай әрекет баланың эмоционалдық күйін де реттейді. Дифференциация – әр баланың өз арнасы барын мойындау. Бір бала суретпен ойлайды, екіншісі әңгімемен, үшіншісі қимылмен. Тапсырма таңдауы болғанда, бала өзін бағаланушы емес, дамушы ретінде сезінеді. Бірлескен шығармашылық — инклюзивті сыныптағы әлеуметтік байланысты нығайтатын ең қуатты құрал. Балалар ортақ туынды

жасағанда бірін-бірі тыңдап, ой қосып, келісуді үйренеді. Бұл дағдылар тек сабақта емес, күнделікті өмірде де қажет. Эмоциялық қауіпсіздік – барлық тәсілдердің негізі. Егер бала өз ойын айтудан қорықса, шығармашылық тежеледі. Ал мұғалім қолдаушы рөл атқарғанда, бала қателесуге рұқсат берілгенін сезіп, жаңа идеяларға батыл қадам жасайды. Кесте көрсеткендей, шығармашылық дамуы — бұл әдістемелік құрастыру емес, баланың сезінуін, қиялын, эмоциялық тепе-теңдігін және өзіндік авторлығын бір арнаға тоғыстыратын педагогикалық жүйе.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАМУ МЕХАНИЗМІ



Бұл тірексызба шығармашылық дамудың тек әдіс жиынтығы емес, баланың ішкі психологиялық процестерімен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Сызбадағы үш негізгі желі — ойын, сезімдік тәжірибе және педагогикалық қолдау — шығармашылықтың өзегін құрайды. Ойын желісі баланың қиялын табиғи түрде белсендіреді. Рөлдерге ену, оқиға құрастыру және қимыл арқылы бейнелеу – баланың шынайы эмоциясын, ішкі ойын еркін шығаруға мүмкіндік береді. Сезімдік тәжірибе — баланың материалмен әрекеттесу арқылы бейнелік ойлауын кеңейтетін арна. Бұл арнасыз бала тек логикамен ойлайды, ал шығармашылықтың шынайы көзін сезім тудырады. Қолдау желісі шығармашылықты реттейтін психологиялық тірек. Мұғалімнің сөзі, дауыс ырғағы, баланы тыңдауы, қателікке рұқсат беруі – бәрі баланың өзін автор ретінде сезінуіне әсер етеді. Сызбаның ортасында тұрған дифференциация мен авторлық шығармашылықтың ішкі нәтижесін білдіреді: бала өзіне тән тәсілмен ойлап, өз жолын таңдаған кезде ғана оның мотивациясы күшейеді. Осы үш арнаның қиылысуы инклюзивті кеңістікте

шығармашылықтың табиғи түрде қалыптасуына жағдай жасайды.

Сонымен, негізгі бөлім шығармашылық дамудың іргелі қағидаларын толық сипаттады: баланың ішкі еркіндігін қорғау, сезімдік тәжірибені ұйымдастыру, ойын арқылы қиялды қолдау, педагогтың серіктестік рөлі және топшілік әлеуметтік тәжірибені үйлестіру. Енді бұл теориялық тұжырымдар жүйеленіп, кесте арқылы нақты модельге айналдырылады.

Инклюзивті ортадағы шығармашылықты дамыту тәжірибесін талдай отырып, мен үшін ең маңыздысы – баланың өзіне деген сенімінің оянуы. Мұндай ортада балаға «дұрыс» немесе «бұрыс» әрекет деген ұғым жүктелмейді, керісінше оның кез келген қадамы зерттеу ретінде қабылданады. Осы сенім атмосферасы болғанда ғана бала ойын ашық жеткізіп, жаңа нәрсені байқап көруден қорықпайды. Бұл тәсілдің құндылығы – шығармашылықты дарындыларға ғана тән қабілет емес, әр баланың қолы жететін табиғи процесс ретінде тануы [12, 4 бет].

Шығармашылықты қолдауда сезімдік-тәжірибелік әрекеттердің рөлін ерекше бағалаймын. Балалар кейде сөзбен жеткізе алмайтын сезімдерін материалдар арқылы еркін көрсетеді. Құмды сезіну, судың қозғалысын бақылау, табиғи элементтерді біріктіру — бұлар баланың ішкі әлеміне жол ашатын күшті құралдар. Менің ойымша, сенсорлық орта балалардың эмоциялық тұрақтануына да, өз әрекетін ішкі деңгейде түсінуіне де көмектеседі [13, 7 бет]. Сонымен қатар мұғалімнің позициясы шығармашылықтың басты белгілеуші факторы екенін өз тәжірибемнен де байқаймын. Мұғалім баланы «қателеспе» деп шектеген сайын шығармашылық тежеледі, ал керісінше, оған еркіндік берген сайын бала өз идеясын батыл ұсынады. Мен үшін инклюзивті кеңістіктегі ең тиімді педагог — баламен бірге ойланатын, оның идеясын түзетпей, алдымен тыңдайтын адам [14, 12 бет]. Балалардың бірлескен әрекетке қатысуы шығармашылық дағдыны тұрақты етеді деп санаймын. Бір тапсырмада әр баланың өз рөлі болғанда, олар ортақ мағына жасауды үйренеді. Бірі сурет салады, бірі оқиға айтады, бірі қимылмен бейнелейді — бұл әртүрлілікті бағалаудың ең нақты көрінісі. Шығармашылықты дамыту механизмі топтың ішінде өзара қолдау, тыңдау мәдениеті қалыптасқанда ғана толық жүзеге асады [15, 9 бет].

Инклюзивті ортадағы шығармашылық дамуы туралы көзқарастарды орыс тіліндегі ғылыми еңбектер де кеңінен талқылайды. Феталиева Л.П. кіші жастағы оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін эмоционалдық қолдау, бейнелеу-көркемдік әрекеттер және балаға бағытталған орта шешуші рөл атқаратынын атап өтеді. Автор инклюзивті сыныпта шығармашылық үдеріс тек көркемдік өнімге қол жеткізу емес, ең алдымен баланың психологиялық еркіндігі мен ішкі ынтасын оятуға мүмкіндік беретін кеңістік екенін көрсетеді. Ол шығармашылықтың «баланың жеке әлемін ашатын маңызды тетік» екенін айта отырып, инклюзивті жағдайда баланың өзін сезіну, идея келтіру және жаңа форма жасау қабілеттері айрықша дамитынын дәлелдейді [16, 57-58 бет].

Журавлёва О.Н. инклюзивті практикадағы шығармашылықты топтық әрекетпен байланыстыра отырып, өнер арқылы балалардың әлеуметтік байланысы нығаятынын атап өтеді. Оның пікірінше, шығармашылық орта – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды да, қалыпты дамытын балаларды да біріктіретін бірегей педагогикалық алаң. Мұндай кеңістікте балалар бірін-бірі тыңдауға, өз идеясын ұсынуға және ортақ іс-әрекетке қатысуға үйренеді. Автордың тұжырымдауынша, қолдаушы шығармашылық атмосфера баланың өзін қауіпсіз сезінуіне ғана емес, сонымен қатар «әр баланың даралығын ортақ мағына жасау арқылы тануға мүмкіндік береді» [17, 2–3 бет].

Осы ғылыми еңбектерді салыстыра отырып, инклюзивті ортада шығармашылықты қолдау бір мезетте әрі психологиялық, әрі педагогикалық жағдай жасауды талап ететіні анық көрінеді. Зерттеулерде баланың сезімін, ойын, қиялын және әлеуметтік байланысын дамыту біртұтас үдеріс ретінде қарастырылып, шығармашылық әрекет инклюзивті білім берудің жалпы сапасын көтеретін негізгі фактор ретінде сипатталады.

Феталиева мен Журавлёва еңбектерінің мазмұнынан шығармашылық — баланың мүмкіндігін тек көрсету құралы емес, оның ішкі өзіндік сезінуін нығайтатын, ортаға бейімделуін жеңілдететін және өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беретін құбылыс екені айқын байқалады. Бұл авторлардың тұжырымдары инклюзивті білімдегі шығармашылықты дамыту теориясын толықтырып қана қоймай, практикалық тұрғыда да маңызды әдістемелік бағдар береді.

Қорытынды:

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар демекші, инклюзивті ортадағы шығармашылықты дамыту – бала дамуының эмоциялық, әлеуметтік және танымдық қырларын бір арнаға тоғыстыратын ерекше педагогикалық бағыт. Бұл үдерістің басты ерекшелігі – нәтижеге емес, процеске бағдарлануы. Қарапайым ойын, сезімдік тәжірибе немесе бірлескен тапсырма арқылы бала өзін жаңа қырынан танып, ішкі еркіндігін сезіне бастайды.

Шығармашылыққа бағытталған мұндай ортада ең маңыздысы — баланың өзін қауіпсіз сезінуі. Қолдаушы атмосфера, қателесуге еркіндік және жұмсақ кері байланыс баланың ішкі тосқауылдарын азайтып, оның ойлау қабілетін кеңейтеді. Бұл факторлар инклюзивті сабақтың психологиялық іргетасы және шығармашылық дамудың қозғаушы күші болып табылады. Сезімдік-тәжірибелік әрекеттер шығармашылықты дамытудағы әмбебап құрал ретінде танылды. Материалмен әрекеттесудің өзі баланың эмоциялық күйін реттеп қана қоймай, оның символдық ойлауын қалыптастырады. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін бұл тәсіл әлеммен өз тілімен байланыс орнатудың ең қолайлы жолы. Педагогтың кәсіби ұстанымы шығармашылықтың жедел дамуына шешуші ықпал етеді. Мұғалім балаға серіктес ретінде қарағанда ғана шығармашылық еркіндік, сенім және бастама мәдениеті қалыптасады. Сондықтан инклюзивті ортаға бағытталған

педагогика мұғалім тәжірибесінің икемділігі мен сезімталдығын талап етеді.

Жалпы алғанда, шығармашылық инклюзивті білім берудің өзегіне айналатын әлеуетке ие. Ол тек оқу жетістігін жақсартумен шектелмейді, ең бастысы — баланың тұлғалық тұтастығын, әлеуметтік қатысуын және ішкі «Менін» қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Осы себепті шығармашылықты қолдау — инклюзивті оқу ортасының басты гуманистік міндеттерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Инклюзивті білім беру: саясат пен практикаға арналған жаһандық нұсқаулық.* – Нью-Йорк, 2021. Қолжетімді: <https://www.unicef.org/media/159646/file/Inclusive-Education-UNICEF-Guide.pdf>
2. *Инклюзивті және тең білім беруді қамтамасыз ету жөніндегі саясаттық нұсқаулық.* – Париж, 2020. Қолжетімді: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000374447>
3. *Иоанниди В., Малафантис К.Д. Инклюзивті білім беру және шығармашылыққа бағытталған оқу стильдері. European Journal of Social Sciences Studies, 2023, Т.8, №1, 87-97 бб. Қолжетімді: https://oapub.org/soc/index.php/EJSSS/article/view/445*
4. *Данниелс Э., Пайл А. Инклюзивті ойынға негізделген оқыту тәсілдері. Frontiers in Education, 2022. Қолжетімді: https://www.frontiersin.org/articles/10.3389/feduc.2022.751801/full*
5. *Йылдырым Й. Ерте жастағы балалар шығармашылығын дамыту мәселелері. PLOS ONE, 2023, Т.18, №3, e0294915. Қолжетімді: https://journals.plos.org/plosone/article?id=10.1371/journal.pone.0294915*
6. *Сохарто С. Инклюзивті білім беруге көзқарас пен шығармашылықты оқыту арасындағы байланыс. Thinking Skills and Creativity, 2024. Қолжетімді: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1871187124000087*
7. *Right To Play ұйымы. Ойын арқылы оқытуға арналған практикалық нұсқаулық.* – 2024. Қолжетімді: https://appack-app-righttoplay-publics3bucket-veclfra9ykl.s3.amazonaws.com/documents/Right_To_Play_Play-Based_Learning_Guide_EN.pdf
8. *Білімдегі өнер мен шығармашылықты дамытуға арналған шеңбер (Framework for Arts and Creativity in Education).* – Париж, 2024. Қолжетімді: https://www.unesco.org/sites/default/files/medias/fichiers/2024/02/WCCAE_UNESCO%20Framework_EN_0.pdf
9. *PlayMatters / IRC. Ойын арқылы оқытуға негізделген дәлелдемелер жинағы.* – 2021. Қолжетімді: <https://www.playmatters.org/sites/default/files/documents/Evidence%20Synthesis%20-%20E2A%20-%20December%202021.pdf>
10. *Bubikova-Moan J., Hjetland H.N., Wollscheid S. Мектепке дейінгі білім беруде*

- ойынға негізделген оқытуға көзқарастар. *Early Years*, 2019. Қолжетімді: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/1350293X.2019.1678717>
11. Шығармашылық оқу орталарында балалар әлеуетін күшейту. – Париж, 2022. Қолжетімді: <https://www.oecd.org/education/empowering-young-children-in-creative-learning-environments.pdf>
 12. UNICEF Europe. Ерте жастағы білім беруде мүгедектігі бар балаларды қоса қамту. – 2022. Қолжетімді: <https://www.unicef.org/eca/media/18996/file/Disability-Inclusion-Early-Childhood.pdf>
 13. WHO & UNESCO. Ерте жастағы даму және инклюзивті білім беру туралы есеп. – Женева/Париж, 2021. Қолжетімді: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000379119>
 14. The LEGO Foundation. Ойын арқылы оқытудың ғылыми негіздері туралы есеп. – 2020. Қолжетімді: <https://www.legofoundation.com/media/1756/learning-through-play.pdf>
 15. *Inclusion and Education: Global Education Monitoring Report*. – Париж, 2020. Қолжетімді: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000373718>
 16. Феталиева Л.П. Инклюзивті білім беру жағдайында кіші мектеп жасындағы оқушылардың шығармашылық дамуы // Ғылым, мәдениет және білім әлемі (Мир науки, культуры, образования). – №1 (56), 2016. – 57–59 бб. PDF сілтеме (жүктелген файл): <https://cyberleninka.ru/article/n/tvorcheskoe-razvitie-mladshih-shkolnikov-v-sisteme-inklyuzivnogo-obrazovaniya>
 17. Журавлёва О.Н. «Шығармашылық бәрін біріктіреді» инклюзивті білім беру тәжірибесі: педагогикалық модель және жалпы білім беретін мектептегі жүзеге асыру тәжірибесі // CyberLeninka, 2023. Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/inklyuzivnaya-obrazovatel'naya-praktika-tvorchestvo-obedinyaet-vseh-pedagogicheskaya-model-i-opyt-realizatsii-v-obscheobrazovatel'noy>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.